

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ӨРНЕК ӨНЕРІНДЕГІ РУХАНИ ТАНЫМ МЕН ЗАМАНАУИ ТӘСІЛГЕ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУ

Балкенов Ж.Ш.,

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің профессоры, п.ғ.к.*

Қыпшақов С.А.,

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің доценті, п.ғ.к.*

Нұржан А.Ө.,

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің ИИЧ-41п-я топ студенті*

Халық мұрасындағы өрнек өнерінің көркемдік дамуының негізгі мақсаты – бүгінгі болмысты нақты, реалды бағалай білу және объективті байыптау, өнердің алуан саласындағы әрекет, т.б. уақыт пен заман талабына сай мейлінше сергек қарау сол талап үрдісінен шығатындай қарекет жасау. Халық мұрасындағы ұлттық өнер көркемдік дамудың нәтижесінде туындағандықтан шығармашылықты жанаша ойлауды қалыптастыру қажет.

Ұлттық өрнек өнеріндегі рухани таным мен көркем шығармашылық – әлеуметтік мәні бар құбылыс. Өрнек өнерінің көркемдік мазмұнына назар аударып қарасақ, көркем шығармашылықты жетілдіру процесінің алғышарты ретінде қабылдауымызға толық негіз бар.

Алғышарт дегеніміз – мынадай тұжырымның негізі және ой тиянағының құрамды бөлігі болып табылатын пікір [1].

Халық мұрасындағы ұлттық өрнек өнерінің рухани таным мен көркемдік дамуы бірден пайда болмайтынын, халық өнерін ең бірінші зерттеу мен оның дәстүрін игеруден басталатынын ескергеніміз жөн. Қазыргі кезеңде өз ұлттық өнерімізді терең таныуымыз (самосознание) – өткеніміз бен бүгінгімізді, болашағымызды мейлінше объективті көркем шығармашылық тұрғыдан бағалау, байыптау. Мұнсыз халықтың сана-сезімі (самосознание) оянуы мүмкін емес. Ал, болашақ мамандардың

сана-сезімі оянбаған жерде жаңаша ойлау туралы сөз қозғаудың өзі қисынсыз.

Өрнек өнері – жалпы өзінің көркем шығармашылығында күрделі ұлттық «қолданбалы» өнер, оның шығармаларында көп жағдайда үлгі, ою-өрнектерінің элементтері (жеке бөлшектері) бірлестік тауып жүйеленіп отырады.

Өйткені өрнек атаулының ұлы мақсаты, ең алдымен, заманауи көркемдік рухани талаптарға жауап бере алатындығында. Ал халық мұрасының күдіреті, бәрінен бұрын тарихи өткен құбылыстардың естелігі, теңдесі жоқ ескерткіші болуында екені мәлім. Қазіргі заман талабына лайық келу үшін өрнек өнерінің көркемдік дәстүріне тиісті «жанарулар» керек болатыны осыдан.

Халық мұрасындағы қолөнер шығармаларының өзіндік өрнек нақышы орасан мол. Бұл – олардың өрнек өнерін көркемдік жинақтау принциптерінен де, құрылысынан да, түрлі тәсіл амалдарынан да айқын көрінеді. Ұлттық қолөнер шығармаларында кездесетін оқиғалық, бейнелік, түрлі өрнектердің тіркестік қайталанулары, қиял-ғажайып әсерлеудің кең орын алатындығында және жасалған шығармалардың соншама қарапайым көрінетіндігі т.б. – осы айтылғандарға бірден-бір мысал.

Ұлттық өрнек өнері шығармашылығының ерекше қасиеті табиғилығында. Оның бойында ешқандай да жасандылық жоқ. Өрнек өнеріндегі шеберлікті, көркемдікті, әсемдік пен көркемдік сұлулықты қабылдаудың шегі жоқ екенін білеміз. Іздену мен көркем шығарманы қабылдай білуден іздегеніміз жөн.

Халық мұрасындағы өрнек өнеріндегі көркемдік дамуында шығармашылық технологияның түрліше мазмұны бар. Бір жағынан шығармашылық технология өрнек өнеріндегі көркемдік пайымдаулармен, екінші жағынан шығармашылық іс-әрекеттерді даярлаумен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандартында: «Ғылымның тез қарқынмен дамуы және жаңа технологиялардың енуіне сәйкес келетін мамандыққа қойылатын талаптар өзгеріп, өмірде 2-3 мамандықты меңгеру қажеттілігі туындайды» – деген мәселе қойылған. Бұл мәселені шешуде шығармашылық технология болашақ мамандардың өрнек

өнеріндегі көркемдік әрекеттерді меңгеруге мүмкіндік беретіні, олардың интеллектуалдық; этикалық, рухани танымдық дамуының айқындалуын қамтамасыз етеді.

Халықтың көркемдік шығармаларында бейнелеу, бедерлеу елестері тек қана өрнектер арқылы беріліп қана қоймай, сол құбылыстардың мазмұны да өзара байланысып жатады. Мәселен, қазақтың ұлттық өрнектерінің көптеген түрлері малға, малдың ізіне, сүйегіне, денесіне, өсімдіктерге, жәндіктерге түрлі аңдарға тікелей байланысты болып келеді.

Өрнек өнерінің көркемдік жанлары, түрлері осылайша бірте-бірте қалыптасады, көркемдік формалар, қалыптар, олардың өзара сәйкестігі мен байланысы анықталып, бертін келе дәстүрлі өнер жолына айналады.

Ұлттық рухани таным мен көне мұраларымызды қазіргі заман талабына сай оқып-үйрену және оны көркем шығармашылықтың жанды бөлшегіне айналдыру, оны нақтылы шығармашылық зердемен тану, әсіресе рухани танымдық-көркемдік қасиеттерін аша түсу кемелденуіміздің белгісі.

Біз өрнек өнері арқылы көркемдік сезінуден бастап ойлау биігіне дейінгі қиын жолдың үрдісін бағымдаймыз, онда біртіндеп игерілген көркем шығармашылық (өрнек формалары арқылы) өнер үлгісіне айналады. Осы жолда ұлттық өрнек өнерін көркем шығармашылық қалыптасуы бейнелеудің маңызды ролі болады.

Өрнек өнерінің асыл қасиеті сезім мен ой тұтастығында жататынын, сонымен бірге шығармашылық қуаттың құдыреті, әсіресе мазмұн мен форманың берік бірлігінен танылатынын тап басып, дәл көрсетуі. «Іші алтын» (мазмұны), «Сырты күміс» (формасы) әсем үйлесімділік пен нағыз сымбатты өрнек деп біліп, оны терең толғам мен жүйелі пайымдайды. «Қуатты ойдан бас құрап, ерекшеленіп шығатын» мазмұн көркем шығарманың бүкіл болмысынан байқалатын ішкі салалық қасиет болса, түр (форма) – сол мазмұнды тартымды таныта алар өрнек-өнеріндегі сан-салалы амал-тәсілдер. Қысқаша айтсақ, бейне, суреттілік, жарасымды пайымдау, тағы басқаларының «қиынан қиысуынан» келіп, өрелі өрнек қалыптасады.

Осы жерден, өрнек элементтерін жүйелеп, емін-еркін пайдалануға дейін бір-ақ қадам бар, ол «Қоршаған ортаны,

болмысты ажарлап айшықтау» деп аталатын тылсым көркем шығармашылыққа бару ниеті де осы жерден басталады.

Қандай да болмасын ғасырлар бойы өнер тәжірибесінен өткен көркемдік құбылысын қамтамасыз ететін екі заңдылық бар:

1. Тұрақтылықты қамтамасыз ететін (структуралық) байланыстар.

Халқымыздың ұлттық өрнек өнерінің көркемдік дамуындағы шығармашылық түрлермен танысу қазіргі заманғы дәстүрлі өнердің шартты формаларының қалай қалыптасып, жетілгендігін түсінуге көмектеседі [2]. Сонымен бірге осы күнге дейін сақталып келген өрнек өнерінің көркемдік жағынан дамуын қарастыру оның мәнісі мен мағынасына, көркем шығармашылық қызметіне қатысты жақтарын айқындау тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Өнертану мамандарының Б.Р.Қазыханова [3], Б.Т.Тұяқбаева [4], зерттеулері ұлттық өнердің осыған дейін беймәлім болып келген жұмбақ сырына назар аударып, өрнек элементтерінің мәні мен маңызын анықтауға жәрдемдеседі.

2. Шығармашылық дамуды пайымдаушылық (композициялық) өзгерісті қамтамасыз ететін бөлшектер арасындағы қайшылықтардың болуы.

Өрнек өнерінің рухани танымы мен шығармашылық дамуы өрнектердің жеке элементтерін барған сайын жинақтап бейнелеуге, образды-таңбамен, имитацияны – символмен алмастыруға жетелейді. Өрнек өнерінде композициялық пайымдаушылықтың арнайы жүйесі болмағандықтан өрнектердің шығармашылық ерекшеліктерін – тұтас алғанда түрлі формалардың басымырақ дамығандығы. Бұл стильдің форма жағынан алғанда құстың тұмсығына сондай-ақ антропоморфты образдармен көркемделген өрнек түрлері болып табылады. Композициялық өзгерістерді қамтамасыз ететін тағы бір ерекшелік көптеген қолөнер бұйымдарындағы жануарлар пішіндері мен ирек сызық өрнектердің түрліше ойымышталып түсірілуі.

Халқымыздың ұлттық өрнек өнеріндегі көркем шығармашылықты өз ерекшеліктеріне сай осы екі заңдылыққа бағына отырып, бір жағынан халықтың этникалық тұтастығын қамтамасыз ететін құрылымдық байланыс қызметін атқарса, екінші жағынан қамтамасыз ететін көркем шығармашылық

қайшылықтардың дербестігін сақтау қызметін қалыптастыру керек.

Мұндай жинақылық, әсте ойдан шығарылған емес, қайта көркемөнер шығармаларының жалпы идеялық ұмтылысына жауап беретіндей мейлінше көркемдік тәсіл екенін де атап өтуіміз керек.

Өрнек өнерінің басқа көркемөнер түрлерінен, айталық бейнелеу өнерінен басты айырмашылығы, тек өрнек түрінде ғана орындалатындығында ғана емес. Оның өзіндік бейнелеу әдісі, атқаратын қызметі, көркемдеу тәсілі мен құралдары бар.

Егер қазақтың ұлттық өрнек өнерін бір-ақ ауыз сөзбен сипаттау керек болса, ойымызға бірден «Жануарлар стилі» («Зооморфизм») сөзі оралады. Және бұл табиғи нәрсе. Өрнек өнерінің көркем шығармашылығында хайуанат әлемін таңдап алған көшпенділердің экспрессивтік стилінің салтанаты кезінде, оның эстетикалық мән-мағынасы аса биік өреге жетеді. Жабайы сымбат машығы бүкіл сахарادا үстемдік құрды, олар тудырған пайымдаулар өрнек өнерінің ең озық үлгісі болғанын біз жоғарыда айттық.

Келесі кезеңде – барлық мәдениеттегідей – тұтас бейненің ыдырауы болды. Тұтас бейне бөлшекке бөлінді – ендігі жерде бөлшек тұтастық орнына жүретін болады. Қошқардың орнына – мүйізі (қошқар мүйіз), түйенің орнына өркеші – өркеш («өркеш»), құстың орнына – тұмсығы («құстұмсық»), тышқанның орнына – ізі («тышқан із») т.т. бейнеленетін болады.

Бүтінді бөлшекке бөлу барысында, көркемдік мағынаны иеленетін ілкі әлем ретіндегі белгінің көркем шығармашылығы қалыптасты. Үнемі қайталау (осыған байланысты ыңғайлылық пен қарапайымдылық сипаттардың мәні зор) ақыл-еске қайшы келмеу принципі бойынша біртіндеп сұрыптау арқылы белгілі бір ою элементіне көркем шығармашылық дарытады. Мұны біз көркем стилизациялау деп алдық.

Мәселен, өрнектің негізгі бейнелеу әдісі, оюды романтикалық дәріптеу (идеялизациялау) мен күрделі көркем стилизация болып табылады. Рас, соңғы шығармашылық әдісті біз тек өрнек өнеріне тән деп отырмыз.

Бұл ойланатын нәрсе, өрнек дегеніміз – ең алдымен халық даналығы деген сөз. Олай болса, оның әрбір белгісі қайталанбас тұлға.

Көркем жинақтау (стилизациялау) ең алдымен өрнекке тән. Онда адам баласындағы, жан-жануарлардағы және табиғи-гажайып көріністер мен қилы әрекеттер көрініс тапқан. Сөйтіп, өмірден гөрі өрнек өнеріндегі, ойда армандалған мінез-құлық, іс-әрекет, ғаламат жинақылық әрі зор тұлғалылық сипат береді. Мұнда, бір жағынан, іс-әрекетті жинақтау, екінші жағынан уақытты жинақтау, үшінші жағынан шығармашылық ойды жинақтау бар.

Қазақ халқының ұлттық өрнек өнерінің нақты формасын сөз ететін болсақ, әрбір өрнек баяғы бір шеңберден шыға алмай қатып қалған нәрсе емес, көркемдік тұрғыдан өзгеріп, жанарып отыратын, барған сайын жаңа сапаларға молыға түсетін құбылыс.

Өрнек өнерінде көркем шығармашылық танымға қызығушылықты дамытудың үш шарты бар:

- өрнек мазмұнының жаңғыртылуы, берілген тақырыпқа сәйкес өрнек түрлеріне жаңаша сипаттау, орындалған өрнекке тарихи бағдар беру, өрнектің көркем шығармашылық мәнін ашып көрсету және өрнек образын жүйелі бейнелеу;

- болашақ мамандардың шығармашылықты меңгеруде өз бетінше жұмыс істеудің әрқилы түрлеріне негізделген көркемдік тәсілдердің мәнін ашып көрсету;

- болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін ұштау, олардың көркем шығармашылық мүмкіндіктеріне қолдау көрсету, қабілетті талап қою;

Болашақ мамандарды өрнек өнеріндегі рухани таным мен шығармашылық іс-әрекетке даярлауда білім беру мен өнердегі шеберлікті жетілдіруге ең алдымен көркем шығармашылықты меңгерудің маңызды құралы әдіс-тәсілдері ретінде осы әрекеттерді кеңінен қолдануға болады.

Болашақ мамандарға өрнек өнеріндегі рухани таным мен шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруда әрбір кезеңнің айқын көрініс тапқан нәтижесі болады, бірінші кезеңде өрнек өнеріндегі көркем шығармашылықтың ойға қонымды, өрнек образы ұғымды тапсырма болып табылады; екіншісінде – көркемдік идеяны өрнек арқылы шығармашылықпен іске асыру мүмкіндігіне дейін

жеткізу; үшіншіден – өрнек өнеріндегі көркем шығармашылықты практикалық іске асыру. Ал өрнек өнеріндегі рухани таным мен көркем шығармашылықтың нәтижесі деп, тек қана өрнек элементтерін түрлендіру, жетілдіру ғана емес сонымен өрнек өнеріндегі образды сомдау деп түсіну керек.

Психологиялық аспект тұрғысынан алғанда өрнек өнеріндегі көркем шығармашылық қабілеттердің дамуы төмендегідей негізгі құралдардың болуымен қамтамасыз етіледі: ойлау операцияларын жинақтау қабілеті (өрнек образын стилизациялау және өрнек элементтерін көркемдік жүйеге келтіру); көркем шығармашылық қабілет; көркемдікті қабылдау тұтастығы; өрнек элементтеріндегі ерекшеліктерді еске сақтау; өрнек түрлерін көркемдікпен нақыштауда, бұрынғы белгілі тәсілдерді түрлендіріп жаңа өрнек элементтерін таба білу т.б.

Ұлттық өрнек өнерінде еліктеу элементі айқын сезіледі, олар әр түрлі формадағы жануарлардың қимыл-дағдыларына және сол формаларды өрнек өнеріне айналдыруда шығармашылық іс-әрекеттерге еліктеуге негізделген. Өрнек өнеріндегі көркемдік образға еліктеуге «әсемдік» деп аталатын шығармашылық іс-әрекетінің бір байланысы бар екенін көреміз.

Демек, болашақ мамандардың өрнек өнеріндегі рухани таным мен шығармашылық іс-әрекетінің дамуы, өрнек өнері саласындағы білімді, шеберлікті, көркемдікті меңгеруде ғана емес, сонымен бірге көркем шығармашылық образдың айырықша санасының дамуына байланысты.

Ал, өрнек өнерімен – түрлі реңктерге тән көркем шығармашылық ойдың дамуы еңбек процесінде мүмкін болады. Адам көркем шығармашылықтың қиындығы мен қызығын бірдей бастан кешіп, кәсіби шеберлік кедергісін жеңуге белгілі бір дәрежеде үйренгенмен, іс тәжірибе арқылы ғана өрнек өнеріндегі түрлі формалардың шын мәнінде не екенін ғана түсіндіреді.

Қазіргі заманғы психологиялық әдебиетте тұлға шығармашылығының құрамды бөлшектерден, тұжырымдар мен деңгейлер жинағы алдын ала белгісіз болғанда, мәселені шығармашылықпен шешу үшін дәйекті түрде орындауды қажет ететін психофизиологиялық сапалардың жиынтығын айтады.

Шығармашылық әрекеттегі ойлану процесін көркем шығармашылықтың дербес түрінен ерікті түрде таңдап алынатын

іс-әрекетке айналуын айтамыз. Біздің пікірімізше көркем шығармашылыққа толық анықтама беру мүмкін емес, мұның себебі – шығармашылық әрекеттердің көптігінде ғана емес, сонымен бірге шығармашылық іс-әрекеттердің құрамы ұдайы тұрақты, бір қалыпты болмайтындығында. Мысалға, ұлттық өрнек өнерінің символдық сипатын, оның шарттары мен бейнелеу тілін және идеялық мазмұны мен формасын суретінің натуралистік әдіспен бейнелеуі мүмкін емес, күрделі идеялар мен ұғымдарды пластика тілімен мәнерлеу міндеті тұрады.

А.М.Леонтьев шығармашылықты оның көркемдік қалыптасуы жөнінен дүниеге қоғамдық қатынастарының, сан алуан әрекеттер жиынтығымен іске асырылатын әрекеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. «Бұл арада, — деп атап көрсетеді автор, әрекеттер, операциялар, психологиялық функциялар немесе осы функциялардың блоктары емес, нақты көркемдіктің жеке шығармашылыққа психологиялық талдау жасауға басшылыққа алынатын өлшемдері болып табылатын әрекеттері» [5].

Бұл қағида өрнек өнеріндегі көркемдікті түсінуге және оны шығармашылық нақтылығын айқындауға жол ашады. Көркем шығармашылықты зерделеуге мұндай көзқарас болашақ мамандардың өрнек өнеріндегі көркем шығармашылықты қалыптастыру проблемасын зерттеушілер үшін маңызды, ал өрнек өнеріндегі түрлі көркемдік әрекеттерді орындауға дайындықты қалыптастыру оның құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Алайда, болашақ мамандардың өрнек өнеріндегі рухани таным мен шығармашылық іс-әрекеттерді меңгеруге психологиялық ерекшеліктерін елемеудің өзі дұрыс емес, өйткені өрнек өнерінде көркем образды элементтерді және түрлі ұлттық реңктерін көркемдік қалыптасу әрекетінің негізінде осы ерекшеліктер болады. Г.Клаустың еңбектерінде де саналы әрекеттердің субъектісі ретіндегі көркемдікке көзқарас бейнеленген [6]. Осындай көркемдік көзқарастардың астарында іс жүзінде үш сипат аңғарылып тұрады: бірінші болашақ мамандарға өрнек өнеріндегі шығармашылық іс-әрекетте көркемдік көзқарастардың белгілі бір жүйесінің қалыптасатындығы; екінші, көркемдік құндылықтардың әрқайсысын сезімталдықпен

меңгерудің үйреншікті нысандарына айналған шығармашылықтың дамуы; үшінші, көркем шығармашылықты меңгеруге аянбай еңбек ету, көркемдік тәсілдерді меңгеру және шеберлікті дамыту [7].

Шығармашылықты дамытуға деген қабілеттіліктерді психологиялық еңбектерде, шығармашылықты дамытып, оқытып үйретуде болашақ маманды, оның жеке әлеуметтік бағыттардағы тұлға ретінде дамыту қажеттілігінен шығатынына негізделеді және өнерді дамытудың қазіргі заманғы мазмұн құрамына байланысты болады.

Шығармашылық іс-әрекеттердің құрамы бойынша едәуір материалдар жинақталған, ол қалыптасу және даму кезеңдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Түрлі реңктердің үйлесімділігі мен өрнектердің әсем формаларына, көркем шығармашылықпен сүйсіне эмоциалық әсерлену, сайып келгенде, ырғақ пен симметрияны сезінушіліктен туған эстетикалық әсерлену ретінде көрінеді: ол шығармашылық қызмет процесінде қалыптасады, өйткені көркем шеберлікті меңгеру қашан да қалыптасатын процесс, өйткені көркем шеберлік қашан да образды ойлаудың өте дәл әрі ырғақты болуымен және анағұрлым дәлірек, күрделі формалардың пайда болуымен байланысты.

Өрнек өнеріндегі рухани таным мен көркем шығармашылық психология тұрғысынан алғанда адам қол жеткізген формалардың мінсіз дұрыстығымен қоса, оның эстетикалық сезімінің қалыптасуына әсер ететін басқа да қасиеті бар. Адамның ойынан шыққан түрлі өрнек формалары – табиғатқа қатыстылығы жөнінен алғанда бұл әрқашан жаңа форма болады, ол табиғатпен салыстырғанда ерекше, өрнектің түрленуінде табиғи формадан мұндай алшақтық, ерекшелік әрбір жаңа, анағұрлым жетілдірілген өрнектер пайда болған сайын түрленіп тереңдей түседі. Өрнек өнеріндегі ырғақты дәлме-дәл дұрыс қалыптасқан формаларды, жалпы көркемдікті сезінуді тек эстетикалық әсерлеудің байланысымен ғана емес, сонымен бірге белгілі бір көркем шығармашылық жолмен стилизациялау ою-өрнек элементтерінің біркелкі алмасып отыруынан және бөлшектерінің тұрақты арақатынасын шебер қайталап отыру түрінде бейнелеген графикалық символдардан байқалатын көркемдік идеясымен де

байланысты. Мұндай көркемдік идеялардың табиғаты ырғақ пен симметрияның өзінен-өзі көрінетін толып жатқан белгілерімен түйсік арқылы байланысуы мүмкін, бірақ ол тек адамның мақсатты образды ойлауы нәтижесінде ғана көркемдік түрге еніп, саналы өрнекке айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ Совет энциклопедиясы 12 томдық әмбебап басылымы, Алматы, 1974, Т.5 Б. 360.
2. Мириманов В. Алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер, Алматы, 1989, Б.244, 328 б.
3. Қазыханова Б.Р. Эстетическая культура казахского народа. Алматы, 1973, 332 с.
4. Туякбаева Б.Т. Этнографический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. Алматы, 1989, 176с.
5. Леонтьев А.М. Избранные психологические произведения. В 2-х томах. Т.2. - М, 1993, С. 252.
6. Клаус. Г. Введение в дифференциальную психологию учения, М, 1987, 239 с.
7. Бодалев А.А. Психология личность. М.: 1988, 188 с.

ИСТОРИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ И ТВОРЧЕСТВЕ СОВРЕМЕННЫХ ХУДОЖНИКОВ КАЗАХСТАНА

Балабеков К.А., ст. преподаватель

Буканов М.У., ст. преподаватель, магистр пед. наук

Акказыева Е., студентка группы ИИЧ-32

Как много мы знаем о своей стране с точки зрения изобразительного искусства? Задаемся ли мы вопросами о том, когда подумали впервые о вечной связи истории и искусства. Конечно, самыми яркими впечатлениями человека остаются его воспоминания из детства. Рассматривая картины известных казахстанских художников советского периода А.Кастеева, Н.Хлудова, А.Галымбаевой, К.Тельжанова, понимали, что писали они о нашей казахской жизни, самобытной, мощной и